

Мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 278 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қыркүйекте № 36919 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының отыз жетінші абзацына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әдістеме және медициналық-әлеуметтік сараптаманы жетілдіру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 278 бұйрығына қосымша

Мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабының 5) тармақшасының отыз жетінші абзацына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының (бұдан әрі – оңалту құралдары) және көрсетілетін қызметтердің (бұдан әрі – оңалту қызметтерін көрсету) сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы жүріп-тұру құралдары – мүгедектігі бар адамның жүріп-тұруын қамтамасыз ететін техникалық көмек түрі;

2) медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі – МӘС) – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеп (белгілемей), куәландырылатын адамның организмі функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларын қажетсінуін айқындау;

3) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі, бөлімі) – уәкілетті мемлекеттік органның МӘС жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

4) медициналық куәландыру – жеке тұлғаны оның ауруы болу немесе болмау фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын айқындау мақсатында зерттеп-қарау;

5) мультипәндік топ – пациент организмінің функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйінің ауырлығына байланысты қалыптастырылатын әртүрлі мамандар тобы;

6) мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – жеке бағдарлама) – мүгедектігі бар адамды абилитациядан және оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін оның жеке қажеттіліктері негізінде белгілейтін құжат;

7) мүгедектігі бар адамның оңалу әлеуеті – медициналық, психологиялық және әлеуметтік факторларды талдау негізінде адам организмінің бұзылған функциялары мен қабілеттерін нақты қалпына келтіру мүмкіндіктерінің көрсеткіші;

8) оңалту болжамы – оңалту әлеуетін іске асырудың болжамды ықтималдығы және мүгедектігі бар адамның қоғамға интеграциялануының болжамды деңгейі;

9) оңалту-сараптамалық диагностика – оңалту әлеуетін, оңалту болжамын бағалау;

10) протездік-ортопедиялық көмек – мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;

11) санаторийлік-курорттық емдеу – адамдардың санаторийлік-курорттық ұйымда уақытша болуы жағдайында жүргізілетін медициналық оңалту түрі;

12) техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар:

протездік-ортопедиялық құралдар – аяқ-қолдың жоқтығын немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулыққа зақым келудің салдарынан организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар ;

сурдотехникалық құралдар – есту қабілетінің бұзылуын түзеуге және оның орнын толтыруға арналған техникалық құралдар, сондай-ақ дыбысты күшейтетін байланыс және ақпарат беру құралдары;

тифлотехникалық құралдар – мүгедектігі бар адамдардың көру қабілетінің бұзылуы салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар;

міндетті гигиеналық құралдар – табиғи физиологиялық мұқтаждықтарды және қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған құралдар;

13) тыныс-тіршіліктің шектелуі – адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбекпен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуы.

2-тарау. Мүгедектігі бар адамдардың оңалту құралдары мен көрсетілетін қызметтерін қажетсінуіне бағалау жүргізу тәртібі

3. Мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына (бұдан әрі – Сыныптауыш) сәйкес мүгедектігі бар адамның қажеттіліктерін бағалау:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32994 болып тіркелген) Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидаларына;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 286 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32992 болып тіркелген) Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну қағидаларына;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32993 болып тіркелген) Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларына;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 283 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32988 болып тіркелген) Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларына сәйкес медициналық, медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, мүгедектігі бар адамның құжаттарын қарау, оны қарап-тексеру (жүгінген кезде), организм функцияларының бұзылу және тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесін, оңалту болжамы мен әлеуетін айқындау жолымен жүргізіледі.

4. Сыныптауышқа сәйкес мүгедектігі бар адамдардың оңалту құралдарын және көрсетілетін қызметтерді қажетсінуін бағалауды:

медициналық ұйымдарда емдеуші дәрігер және (немесе) мультипәндік топ тыныс-тіршілігінің шектелуіне әкелетін организм функциялары тұрақты бұзылған және пациентті "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген) сәйкес МӘС-ке жіберген кезде, сондай-ақ санаторийлік-курорттық емдеу алдында санаторийлік-курорттық картаны толтыру кезінде;

жеке бағдарламаны әзірлеу үшін оңалту-сараптамалық диагностика және МӘС жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің МӘС бөлімдерінің мамандары жүзеге асырады.

5. Мүгедектігі бар адамның қажеттіліктеріне жүргізілген бағалау негізінде осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген тұлғалар Сыныптауышқа сәйкес оңалту

құралдарына және көрсетілетін қызметтеріне ұсынымдар қалыптастырады, олар жеке бағдарламада көрсетіледі.

Мүгедектігі бар балалардың оңалту құралдарын және көрсетілетін қызметтерді қажетсінуін бағалаған кезде олардың психофизикалық және психикалық-тілдік даму деңгейі ескеріледі.

6. Мүгедектігі бар адамның оңалту құралдары мен көрсетілетін қызметтерді қажетсінуі оның қажеттіліктеріне сәйкес бойындағы жоғалтқан тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік қызметті орындау қабілеттерін қалпына келтіру немесе орнын толтыру мүмкіндігі, сондай-ақ денсаулық жағдайын ескере отырып, оларды нақты пайдалану мүмкіндіктері ескеріле отырып бағаланады.

7. Мүгедектігі бар адамның протездік-ортопедиялық құралдарды және протездік-ортопедиялық көмекті қажетсінуін айқындау кезінде:

- 1) қолының құрылымы мен функциялары, оның ішінде қолының ұшын пайдалануы;
- 2) аяқтарының құрылымы мен функциялары, оның ішінде жүруінің, қысқа қашықтыққа жүруінің, тұрғын жай шегінде жүріп-тұруының шектелу дәрежесі;
- 3) қарапайым және күрделі еркін қимылын, тұру және жүру кезіндегі тепе-теңдігін бақылау;
- 4) омыртқаның статодинамикалық функциялары;
- 5) статикалық-кинетикалық функциялар;
- 6) анатомиялық кемістіктері;
- 7) көру функциялары;
- 8) зияткерлік функциялары;
- 9) ақыл-ес, бағдарлану функциялары және жаһандық психоәлеуметтік функциялар;
- 10) жүрек-қантамыр жүйесінің, тыныс алу жүйесінің, несеп-жыныс жүйесі функциялары және зат алмасуының бұзылуы;
- 11) антропометриялық деректер бағаланады.

8. Мүгедектігі бар адамның сурдотехникалық құралдарды қажетсінуін айқындау кезінде:

- 1) зияткерлік функциялары;
- 2) жас және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, базалық жазу және оқу дағдылары;
- 3) көру функциялары;
- 4) құлақ протезіне көрсеткіштер, оны жүргізу және тиімділігі;
- 5) кохлеарлық имплантация операциясын жүргізу және оның тиімділігі бағаланады.

9. Мүгедектігі бар адамдардың тифлотехникалық құралдарды қажетсінуін айқындау кезінде:

- 1) зияткерлік функциялары;
- 2) ақыл-ес, бағдарлану функциялары және жаһандық психоәлеуметтік функциялар;
- 3) жазу және оқу дағдылары, оның ішінде Брайль бойынша;

4) есту функциясы;

5) қол құрылымы мен функциялары, оның ішінде қолының ұшын пайдалануы, қол саусақтарын сезінуі және дәл қимылдарды жүзеге асыруы;

6) аяғының құрылымы мен функциялары;

7) вестибулярлық функциялар;

8) көмірсу алмасу функциялары;

9) артериялық қысым функциялары;

10) көзге қабысатын құрылымдардың функциялары бағаланады.

10. Жүріп-тұру функциялары абсолютті және (немесе) күрделі бұзылу жағдайында мүгедектігі бар адамның арнаулы жүріп-тұру құралдарын және міндетті гигиеналық құралдарды (санитариялық жарақтандырылған кресло-орындық, дәретхана бөлмелеріне арналған қайырмалы тіреуіш тұтқалар, ванна бөлмелеріне арналған тұтқалар) қажетсінуін айқындау кезінде:

1) омыртқа осіне (отырған күйде) түсетін салмақ патологиялық процестің өршуіне әкелетін аурулар мен жарақаттардың, болуы сондай-ақ салдары;

2) өздігінен жүріп-тұру қабілетінің шектелу дәрежесі;

3) зияткерлік функциялар және мотивация функциялары;

4) қол функциялары және бұлшық ет тонусы;

5) жақсырақ көретін көздің көру функциясы;

6) отырғандағы және тепе-теңдікті ұстау қалпын, еркін және еріксіз қозғалыс функцияларын бақылау;

7) ақыл-есі бұзылатын эпилептикалық (құрысу) ұстамалардың болуы;

8) есту функциялары;

9) тұрғын үй дизайнына, жобалау сипатына, салынуына байланысты және қоршаған ортаны жайластырудағы кедергілер (кресло-арбаны пайдалану үшін қоршаған ортаның қолжетімділігі);

10) пациенттің ұзақ қашықтықты еңсеру мақсатында иіктіректі жетегі бар кресло-арбаны пайдалану саласындағы тәжірибесі;

11) тыныс-тіршіліктің белсенді салаларындағы өмір салты: білім, жұмыс, демалыс және бос уақыт;

12) физиологиялық параметрлер:

бөксенің шетінен тізенің ішке бүгілетін жеріне дейінгі аралық;

жамбас буындарының сүйек доғалары арасындағы аралық;

өкшеден бүгілген жамбас деңгейіне дейінгі аралық (артқы жағы бойынша);

орындық бетінен арқалық биіктігінің талап етілетін деңгейіне дейінгі аралық;

орындық бетінен 90 градус бұрышпен бүгілген шынтаққа дейінгі аралық;

антропометриялық деректер (салмақ, бел және жамбас көлемі) бағаланады.

11. Ауруларға және (немесе) жарақаттардың салдарына байланысты зәрді және/немесе нәжісті ұстамау типі бойынша жамбас органдарының функциялары бұзылған

кезде мүгедектігі бар адамдардың міндетті гигиеналық құралдарды (несеп қабылдағыш, уроқабылдағыш, нәжіс қабылдағыш, жөргек, сіңіргіш жайма (жаялық), катетер, стоманың айналасындағы теріні қорғау мен тегістеуге арналған герметик-паста, стоманың айналасындағы теріні қорғау мен күтуге арналған қорғаныш крем, стома айналасындағы теріні қорғауға мен күтуге арналған сіңіргіш ұнтақ (опа), иісті бейтараптандырғыш, стома айналасындағы немесе санның ортасындағы теріні күтуге және өңдеуге арналған тазартқыш) қажетсінуін айқындау кезінде:

- 1) зәр шығару және дефекация функцияларының бұзылу дәрежесі;
- 2) ақыл-ес, бағдарлану функциялары, жаһандық психоәлеуметтік функциялар;
- 3) өздігінен жүріп-тұру қабілеті;
- 4) нейробұлшық ет, қаңқа және қозғалысқа байланысты функциялар (қозғалыс шектеулері), ішкі ағзалардың функциялары (соматикалық аурулар);
- 5) стомалар кезінде – салған жері мен түрі;
- 6) стома айналасындағы тері;
- 7) қуықтың өздігінен босау қабілеті;
- 8) антропометриялық деректер (салмағы, бел және жамбас көлемі) бағаланады.

12. Мүгедектігі бар адамдардың санаторийлік-курорттық емдеуді қажетсінуін бағалау кезінде пациенттің денсаулық жағдайын бағалау, объективті жай-күйін, алдыңғы емдеу (амбулаториялық, стационарлық) нәтижелерін, зертханалық, функционалдық, рентгенологиялық және басқа да зерттеулердің деректерін талдау негізінде айқындалатын санаторийлік-курорттық емдеуге медициналық көрсетілімдердің, оған қарсы көрсетілімдердің бар-жоғы ескеріледі.

Санаторийлік-курорттық ұйымның бейінін таңдау мәселесін шешу кезінде санаторийлік-курорттық емдеу ұсынылған пациенттің ауруынан басқа ілеспе аурулардың бар-жоғы, курортқа бару шарттары, климаттық-географиялық жағдайлардың қарама-қайшылығы және табиғи емдік факторлардың ерекшеліктері ескеріледі.

13. Мүгедектігі бар адамдардың жеке көмекшінің көрсетілетін қызметтерін қажетсінуін бағалау кезінде организм функцияларының бұзылуы мен өздігінен жүріп-тұруының шектелуінің айқын көрінуі ескеріледі.

14. Мүгедектігі бар адамдардың ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерін қажетсінуін бағалау кезінде есту және сөйлеу функциялары бұзылуының айқын көрінуі, сондай-ақ ымдау тілін меңгеру дағдылары ескеріледі.